

ІСКЕРЛІК ӘДЕП КОДЕКСІ

Compass жолы





БІЗ ДІН ШЕҢБЕРІМІЗ



БАҒДАРЫМЫЗ БЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ

Біздің бағдарымыз – әлемдік деңгейдегі қоғамдық тамақтандыру және сервистік қызмет көрсету саласында өзінің кәсіпқой мамандарымен, үздік сервисімен және тамаша нәтижелерімен танымал келісімшарттық қызметтер ұсынушы болу.

Біздің құндылықтарымыз – **барлық ісiмiзде** қауiпсiздiк, тұтастық және құрмет қағидаттарын ұстануды қоса алғанда, бiз сенетiн және әрекетiмiзде басшылыққа алатын нәрсе.



ІСКЕРЛІК ӘДЕП КОДЕКСІМІЗ

Іскерлік әдеп кодексіміз бізге жоғары әдеп стандарттарымыз бен міндеттемелерімізді ұстануға көмектеседі. Онда жаһандық деңгейде бизнес жүргізуге, сондай-ақ өзара әрекет етуге және бір-бірімізге деген қарым-қатынасқа қатысты қағидаттар, стандарттар және күтетін нәтижелеріміз жазылған.



КОМПАНИЯМЫЗДЫҢ САЯСАТЫ

Компаниямыздың саясатында әрбір жергілікті жұмыс орнында құндылықтарымыз бен іскерлік әдеп кодексімізді іске асыруға қажетті ең төменгі талаптар мен жүріп-тұру үлгілері айқындалған. Олар міндетті түрде орындалуға тиіс және жергілікті деңгейде саясат пен тәжірибенің негізін құрайды.

ДОМИНИК БЛЭКМОРДЫҢ ЖОЛДАУЫ

Қоғамдық тамақтандыру саласындағы әлемдік көшбасшы ретінде Compass Group әрдайым қызметкерлеріміз, клиенттеріміз, акционерлеріміз, ғаламшарымыз және біз қызмет көрсететін қоғамдастықтар үшін бәрін дұрыс істеуге тырысады.

Ол үшін біз барлық халықаралық бөлімшелерімізде сенімді басқаруды және жоғары әдеп стандарттарын қамтамасыз етуге, қызметті адал жүзеге асыруға, қауіпсіздік мәселесінде дау-жанжалға жол бермеуге және айналамыздағы адамдарға мейіріммен әрі құрметпен қарауға тырысамыз.

Топтың жетістігі мен әрі қарай өркендеуі барлық адамның осы қағидаттарды сақтауына байланысты. Өйткені Compass-тағы лауазымымызға қарамастан, іс-әрекеттеріміз бен жүріс-тұрысымыз акционерлердің бізге деген қарым-қатынасына, сеніміне әсер етуі мүмкін.

Біздің іскерлік әдеп кодексіміз («Кодекс») біздің кім екенімізді көрсетеді және Compass-пен, сол үшін немесе соның атынан жұмыс істейтін барлық адамға әрдайым дұрыс әрекет ету деген нақты ұстаным белгілеп береді.

Compass Group PLC Директорлар кеңесі мен Топтың Атқарушы комитеті бекіткен Кодексте жазылған мінез-құлық қағидаттарын, стандарттарын және үлгілерін түсінуге, сақтауға және енгізуге бәріміз жауаптымыз.

Егер сізге Кодекстің ережелері сақталмай отырған сияқты көрінсе, тікелей басшыңызға хабарласуыңызды немесе біздің [«Speak Up, We're Listening»](#) (Ойындағыны айт, біз тыңдаймыз) құпия бағдарламамызға хабарлауыңызды сұраймыз.

Кодексті барлық жұмыс орнында, күн сайын, қазір және болашақта қолдануға қатысқаны үшін барлығына алғыс айтқым келеді.

Бірге біз бүкіл қызметіміз негізінде қауіпсіздікті, тұтастықты және құрметті қамтамасыз ете аламыз. Бұл – Compass жолы.

ДОМИНИК БЛЕЙКМОР
Бас атқарушы директор



**«БІЗДІҢ ІСКЕРЛІК ӘДЕП КОДЕКСІМІЗ
БІЗДІҢ КІМ ЕКЕНІМІЗДІ КӨРСЕТЕДІ
ЖӘНЕ COMPASS-пен, СОЛ ҮШІН
НЕМЕСЕ СОНЫҢ АТЫНАН ЖҰМЫС
ІСТЕЙТІН БАРЛЫҚ АДАМҒА ӘРДАЙЫМ
ДҰРЫС ӘРЕКЕТ ЕТУ ДЕГЕН НАҚТЫ
ҰСТАНЫМ БЕЛГІЛЕП БЕРЕДІ».**



Осы Кодекске арасында түзетулер енгізілуі мүмкін. Кодекстің соңғы редакциясын [Compass](#) компаниясының веб-сайтынан қарауға болады.



МЕН КОДЕКСКЕ
СЕНЕМІН



БІЗ КОДЕКСТІ
ҰСТАНАМЫЗ



БІРГЕ
ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ
ІСКЕ АСЫРАМЫЗ

COMPASS ІСКЕРЛІК ӘДЕП КОДЕКСІ ДЕГЕН НЕ?

Compass Group іскерлік әдеп кодексінде («Компас» / «Біз» / «Біздің» / «Компания») (бұдан әрі – «Кодекс») ең төменгі стандарттар мен біз Compass-та немесе Compass атынан жұмыс істейтіндердің барлығынан күтетін мінез-құлық үлгілері белгіленген. Ол дұрыс әрекет ету бағыты түсініксіз болуы мүмкін жағдайлар немесе сұрақтар туындаған кезде бізге бағыт береді. Бізде жұмыс істейтін, бізбен ынтымақтастық орнатқан және бізге инвестиция салатын адамдарға деген сенімді және өзара сенімді нығайту – алдағы уақытта табысты болуымыздың кепілі және ол әрқайсымыздың қаншалықты кәсіби, жауапты түрде әрі осы Кодексте жазылған стандарттар мен қағидаттарға сәйкес әрекет ететінімізге байланысты. Кодекстің ережелерін сақтай отырып, біз бір-біріміздің қауіпсіздігімізді және компанияның шыншыл әрі адал кәсіпорын ретіндегі беделін қамтамасыз ете аламыз.

КОДЕКС КІМГЕ АРНАЛҒАН?

Кодекс орналасқан жеріне, лауазымына немесе жасы үлкендігіне қарамастан, уақытша қызметкерлер мен келісімшарт бойынша қызметкерлердің бәрін қоса алғанда, барлық Compass-пен, Compass үшін немесе Compass атынан жұмыс істейтін барлық адамға арналған.

СОНДЫҚТАН ӨЗІҢІЗ ҰСТАНУҒА ТИІСТІ ҚАҒИДАЛАР МЕН ҚАҒИДАТТАРДЫ, СОНДАЙ-АҚ СТАНДАРТТАР МЕН СІЗДЕН КҮТЕТІН МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ҮЛГІЛЕРІН ТҮСІНГЕНІҢІЗ МАҢЫЗДЫ.

Сіз Кодекстің мазмұнымен және онымен байланысты компания саясатымен танысуға және оларды дұрыс түсінуге жауаптысыз. Егер сізге Кодексте бірдеңе түсініксіз болса немесе сенімді болмасаңыз, тікелей басшыңызға хабарласыңыз.

Мердігерлер, делдалдар, өкілдер, бірлескен кәсіпорындар бойынша серіктестер және біз инвестиция салатын компаниялар («іскер серіктестеріміз») осы Кодекстің ережелерін ұстануы және сақтауы керек. Өнім берушілеріміз де осы Кодекстің стандарттары мен қағидаттарына сәйкес келуі және Жаһандық өнім берушілердің мінез-құлық кодексін сақтауы керек.



БАҒДАР МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Біздің бағдарымыз бен құндылықтарымыз Compass рухын және біз қолдайтын нәрселерді көрсетеді. Олар қызметкерлеріміздің шешімдері мен әрекеттеріне негіз болады; клиенттеріміздің біз ұсынған қызметтерден алған әсерінен көрінеді; өндірімділігімізді арттырып, уақыт өте келе әрі қарай тұрақты дамуға ықпал етеді.

Біздің құндылықтарымыз біз ұжым болып сенетін нәрселерді және мінез-құлқымызды анықтайды.



Ашықтық, сенім және адалдық

Біз ең жоғары әдеп және кәсіби стандарттарды белгілейміз. Біз барлық қарым-қатынасымыздың адалдыққа, құрметке, теңдікке және ашық диалог пен айқындыққа негізделгенін қалаймыз.



Сапаға ұмтылу

Біз ең жақсы тағамдар мен қызметтер ұсынуға тырысамыз және бұл тапсырманы мақтанышпен орындаймыз. Қайта табысқа жетуге тырысамыз, қателіктерімізден сабақ алып, өзімізді жетілдіруге және нарықта көшбасшы болуға көмектесетін идеяларды, инновациялар мен тәжірибелерді дамытамыз.



Командалық жұмыс арқылы жеңу

Біз дербестікті қолдаймыз, бірақ біртұтас команда ретінде жұмыс істейміз. Біз барлық әріптесіміздің тәжірибесін, даралығын және қосқан үлесін бағалаймыз, бір-бірімізді қолдай отырып жұмыс істейміз және ортақ мақсаттарға жетуге ұмтыла отырып, озық тәжірибелермен қуана бөлісеміз.



Жауапкершілік

Біз жеке де, топ ретінде де өз әрекеттеріміз үшін жауапкершілікті өз мойнымызға аламыз. Күн сайын қай жерде болсақ та, клиенттеріміздің, біз жұмыс істейтін қоғамдастықтардың және біз өмір сүріп жатқан бүкіл әлемнің денсаулығы мен әл-ауқатына оң үлес қосуға тырысамыз.



Қауіпсіз орындаймыз

Біз кездесетін мүмкіндіктер мен қиындықтарға қатысты «жасай аламыз» деген оң және коммерциялық тұрғыдан сауатты тәсілді қолданамыз.



**«ӨЗІңДІ ҚОРҒА.
COMPASS-ТЫ ҚОРҒА.»**

БЕС АЛТЫН ҚАҒИДА

Біздің бес алтын қағидамыз Кодексті көрсетеді және біздің негізгі стратегиялық басымдықтарымыз ретінде Адамдарға, Өндірімділікке және Мақсатқа стратегиялық түрде және тәртіппен ерекше назар аударуымызға түсіндірме бола алады.

- 1** Денсаулық пен қауіпсіздік – бірінші кезектегі басым міндетіміз, **мұның Сіздің де басты басым міндетіңіз екеніне көз жеткізіңіз.**
- 2** **Сыбайлас жемқорлықты, парақорлықты, бәсекелестікке қарсы мінез-құлықты немесе алаяқтықты қоса алғанда, кез келген әдепсіз немесе заңсыз қызметке қатаң тыйым салынады.**
- 3** Мейірімді әрі қамқор болыңыз. **Бір-біріңізге әділ, құрметпен әрі абыроймен қараңыздар.**
- 4** **Клиенттермен, өнім берушілермен және әріптестермен қарым-қатынаста әрдайым кәсіби түрде, сыпайы, адал әрі ашық болыңыз.**
- 5** Адал әрекет етіңіз. **Compass-тың беделіне нұқсан келтіретіндей ештеңе жасамаңыз.**

КОДЕКС БОЙЫНША ӨМІР СҮРУ – СІЗДЕН НЕ ТАЛАП ЕТІЛЕДІ?

Біздің сөздеріміз бен іс-әрекеттерімізден әрдайым құндылықтарымыз көрініс тауып, бизнес жүргізудегі және клиенттерімізбен, инвесторлармен, іскерлік серіктестерімізбен өзара әрекеттегі ең жоғары әдеп стандарттары танылуы керек.

Бұл Кодекс қағидаттарға негізделген нұсқаулық, сондай-ақ күтілетін стандарттар мен дұрыс әрекет етуге көмектесетін мінез-құлық үлгілері болып табылады.

Біздің міндеттеміз мынадай:

- осы Кодексте жазылған стандарттарды, қағидаттар мен міндеттемелерді сақтау және оларды күнделікті жұмысымызға енгізу;
- біздің сәйкестікке қойылатын барлық талапты сақтауымызға кепілдік беретін барлық үрдістер мен рәсімдерді орындау;
- қызметкерлер мен әріптестерге осы Кодексте жазылған күтілетін нәтижелерге сәйкес келуге көмектесу үшін қажетті ақпаратқа, оқуға және құралдарға қол жеткізілетін қауіпсіз, құрмет көрсетілетін әрі инклюзивті жұмыс орнын құру.

Барлық қызметкерлер мен іскерлік серіктестер қолданыстағы заңдар мен нормативтік актілерді сақтауы керек. Осы Кодекстің, компания саясатының немесе жергілікті саясаттың талаптары мен қолданыстағы заңдардың немесе нормативтік актілердің арасында алшақтық болған жағдайда, олардың қайсысы неғұрлым қатаң болса, соны басшылыққа алу қажет.

Біз іскерлік тәжірибесі Кодекске қайшы келетінқандай да бір мердігерді, делдалды, кеңесшіні, өнім берушіні, тапсырыс берушіні немесе кез келген басқа үшінші тарапты тартпауымыз керек. Compass атынан әрекет ету үшін қандай да бір үшінші тарапты тартқан кезде біз Заң тобымен кеңесуге және құндылықтарымыз бен қағидаттарымыздың сәйкестігін қамтамасыз ету үшін ақылға қонымды түрде тиісті сақтық танытуға, сондай-ақ тәуекелдерді тиісінше бағалауға жауаптымыз.

Қолданыстағы заңдарды бұзғаны айғақталған немесе іс-әрекеттері мен мінез-құлқы Кодексімізге сәйкес келмейтін кез келген адам жұмыстан шығаруға дейін тәртіптік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.



БІЗДІҢ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ӘДЕБІМІЗДІҢ ҮЛГІСІ

Біздің шешім қабылдау әдебіміздің үлгісін қолдану бізге дұрыс таңдау жасауға көмектеседі. Бұл не істей алатынымызды емес, не істеуіміз керек екенін анықтауға көмектеседі. Дұрыс әрекет әрдайым біз кездесетін жағдайларға байланысты, бұл кейде заң бойынша талап етілетін шектен шығуға әкелуі мүмкін.

Бір юрисдикцияда **заңды** немесе мәдени тұрғыдан қолдануға болатын нәрсе басқа юрисдикцияда міндетті түрде заңды болмайды. **Әдептілік** және Compass құндылықтарына сәйкестік мәселесі әрдайым басшылыққа алынатын нұсқаулық болады.

Шешім қабылдамас бұрын немесе басқа біреу қабылдаған шешіммен келіспес бұрын, әрдайым бұл шешім:

- мүдделер қайшылығын көрсетпей ме;
- заңды іскерлік мақсатқа қызмет ете ме;
- сіздің ойыңызша, рөліңіз бен Compass-тың құндылықтарын қолдау міндетіңіз көрінетін нәрсе ме;
- егер көпшілікке жария етілсе, Compass-тың беделіне нұқсан келтірмей ме;
- Кодекске және бес алтын қағидаға сәйкес келе ме – осыларды ойлаңыз.

Егер осы сұрақтардың кез келгеніне «жоқ» деп жауап берсеңіз, тоқтап, шешіміңізді қайта қарап, әрі қарай қандай да бір әрекеттер жасамас бұрын тікелей басшыдан, заңгерден және/немесе компанияның әдеп және тұтастық бөлімінен кеңес алу қажет.

КЕҢЕС АЛУ – ӘЛСІЗДІК ЕМЕС, КҮШТІЛІКТІҢ БЕЛГІСІ

ДҰРЫС | ЗАҢДЫ | ӘДЕПТІ НӘРСЕНІ ЖАСАУ

КОМПАНИЯНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН





ОРНЫҚТЫЛЫҚ

ҚОҒАМДЫҚ ТАМАҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТТЕРІ БОЙЫНША ЖЕТЕКШІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӘСІПОРЫН РЕТІНДЕ БІЗ ЖАҒАНДЫҚ АЗЫҚ-ТҮЛІК ЖҮЙЕСІНЕ, ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРҒА ҚАЙ ЖЕРДЕ БАРЫНША ОҢ ӘСЕР ЕТЕ АЛАТЫНЫМЫЗҒА НАЗАР АУДАРАМЫЗ.

Бұған біздің күнделікті қызметімізге әсер ететін немесе оның өзіне әсерін сезінетін жаһандық, мемлекеттік және жергілікті деңгейлерде мүдделі тараптарды көптеп тарту, сондай-ақ біз барынша әсер ете алатын салаларға назар аудара отырып, біздің тұрақты даму стратегиямызды БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттарымен үйлестіру кіреді.

Біз өз бизнесімізді тұрақты түрде жүргіземіз және жағымсыз әсерлерді барынша азайту (мысалы, жылыжай газдары шығарындыларын нөлге дейін азайту арқылы) және қоршаған ортаға жағымды әсер етуге өз үлесімізді қосу мүмкіндіктерін барынша пайдалану үшін бар күшімізді саламыз. Осы мақсатта біздің лауазымымызға қарамастан, өз бақылауымыздағы барлық учаскеде экологиялық жауапкершілікті ілгерілету және ынталандыру маңызды.

Compass жергілікті қоғамдастықтарды қолдау үшін мүмкіндіктер ұсына отырып және біздің міндеттемелеріміздің айқын екеніне, әдепке негізделгеніне және құндылықтарымызға сәйкес келетініне кепілдік бере отырып, біз өмір сүретін және жұмыс істейтін қоғамдастықтарды тұрақты дамыту саласында үздіксіз ілгерілеуге ұмтылады.



Қосымша ақпарат алу үшін біздің Экологиялық саясат туралы өтінішімізбен және веб-сайтымыздағы тұрақты даму парағымызбен танысыңыз



ЕИ

- қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне қатысты барлық қолданыстағы заңдарды, нормативтік актілерді және топтық саясатты, стандарттар мен рәсімдерді сақтау;
- қоршаған ортаны қорғауға көмектесу және біздің қызметіміздің әсерін барынша азайту;
- жұмысымыздың барлық аспектілерінде энергия тиімділігі мен көмірқышқыл газының шығарындыларын ескеру және мүмкіндігінше барлық жерде энергияны үнемдеу және көміртегі ізін азайту шараларын қолдану;
- кәсіпорындарымызда тамақ қалдықтарының көлемін азайту үшін жұмыс істеу және мүмкіндігінше қоғамда артылған артық азық-түлікті қайта бөлуді қолдау;
- қажетсіз қаптама санын белсенді түрде азайту және қазба отын негізінде бір реттік өнімдер мен пластикке тұрақты баламаларды енгізу бойынша жұмыс істеу;
- жауапты табиғат қорғау тәжірибесін енгізу үшін қажетті ақпаратқа, оқуға және құралдарға ие болу;
- жергілікті қоғамдастықтарды, азышылық топтардың кәсіпорындары мен ұйымдарын қолдауға ұмтылу, соның ішінде жергілікті дағдылар мен мүмкіндіктерді дамытуға көмектесу



ЖОҚ

- қалдықтарды заңсыз кәдеге жарату;
- судың ластануына әкелетін әрекеттерді жүзеге асыру;
- қоршаған ортаға жағымды әсер етуге ықпал етуі үшін іскерлік серіктестерге әсер ету міндетімізді елемей;
- жергілікті халықтың құқықтарын немесе жерге құқықтарды ескермеу;
- бизнес-шешімге орынсыз әсер ету үшін қоғамдастықтың қолдауына ие болу;
- тұрақты даму туралы деректерді немесе анық емес, жалған немесе жаңылыстыратын ақпаратты жариялау, рұқсат ету немесе ашу;
- көпшілікке арналмаған деректерді немесе тұрақты даму туралы ақпаратты компанияның Мақұлдау нұсқаулығына (тек ішкі мақсаттар үшін) және/немесе компания саясатына немесе жергілікті саясаттарға сәйкес тиісті рұқсаттарсыз жариялау, ашу немесе жария ету

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚҰЛДЫҚ

Біз бүкіл қызметімізде және жаһандық жеткізу тізбегінде «осал» топтарға жатады деп саналатындарды қоса алғанда, адам құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтейміз. Біз өнім берушілеріміз барлық қолданыстағы жергілікті заңдарды, соның ішінде лайықты, қауіпсіз еңбек жағдайларын және жеке қауіпсіздікті қолдайтын заңдарды, мәжбүрлі және балалар еңбегіне тыйым салатын заңдарды, адам саудасына тыйымды, сондай-ақ бірлестіктер бостандығына және ұжымдық келіссөздер жүргізу құқығына кепілдік беретін заңдарды орындаймыз және орындалады деп күтеміз.

Біз көп ұлтты кәсіпорындар үшін ЭЫДҰ басшылыққа алынатын қағидаттарын, Біріккен Ұлттар Ұйымының кәсіпкерлік және адам құқықтары жөніндегі басшылыққа алынатын қағидаттарын, Халықаралық еңбек ұйымының негізгі конвенцияларын және этикалық сауда бастамасының негізгі кодексін ұстанамыз. Біз Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық шартына қол қойдық және ондағы қағидаттарды құрметтейміз, бұл біздің әлемнің қай жерінде жұмыс істесе те, әрдайым бізге немесе бізбен бірге жұмыс істейтін әрбір адамның, сондай-ақ араларында өзіміз жұмыс істейтін адамдар мен қоғамдастықтардың негізгі құқықтары мен бостандығын құрметтеуге және қорғауға тырысатынымызды білдіреді.

БІЗ МӘЖБҮРЛІ ЕҢБЕККЕ МҮЛДЕМ ТӨЗБЕЙМІЗ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚҰЛДЫҚ ПЕН АДАМ САУДАСЫНЫҢ БАРЛЫҚ ТҮРІН ЖОЮҒА ӨЗ ҮЛЕСІМІЗДІ ҚОСУҒА БЕЛ БУДЫҚ.



ИИ

- тұрақты, қысқа мерзімді, уақытша жұмыскерлерді немесе агенттіктерді, сондай-ақ жұмысшыларды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, еңбек келісімдерінің барлық түріне қатысты жергілікті заңнама талаптарын сақтау;
- адам құқықтары саласындағы саясатымыздың қағидаттарын ұстану және қорғау;
- нәсілін, жынысын, түсін, шығу тегін, этникалық тегін, дінін, нанымын, жасын, мүгедектігін, жыныстық бағдарын, гендерлік сәйкестігін немесе өзін-өзі көрсетуін, саяси пікірлерін немесе әлеуметтік шығу тегін қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, шығу тегіне қарамастан, әрбір қызметкерге және/немесе жұмыскерге әділ, абыроймен және құрметпен қарау;
- қызметкерлерімізге тиісті алаңдаушылық білдіруі үшін айқын, әділ және құпия рәсімдерді қамтамасыз ету. Олар қызметкерлерге кемсітушілікке, қысымға немесе әділетсіз, құрметсіз, лайықсыз қарым-қатынасқа ұшырадық деп санайтын кез келген жағдайды талқылауға мүмкіндік беруі керек;
- адам құқықтарын құрметтеу қағидаттарын дамытуды жалғастыру және бүкіл жеткізу тізбегімізде қазіргі заманғы құлдық пен адам саудасы қаупі туралы хабардарлықты арттыра түсуге ұмтылу;
- жергілікті халықтың құқықтарын немесе жерге құқықтарды құрметтеу



ЖОЖ

- мәжбүрлі еңбекті немесе адам саудасын пайдалану, одан пайда табу немесе пайдалануға рұқсат беру;
- балаларды қанаудың кез келген түрін пайдалану, одан пайда табу немесе рұқсат ету;
- «жұмыс беруші төлейді» қағидатына сәйкестікті қамтамасыз ету үшін трансшекаралық еңбекші-көшіп келушілерді жалдағаны үшін кез келген алым немесе шығысы түрінде ақша алуды қолдау;
- қорлайтын, қорқытатын, теріс пиғылды немесе қадір-қасиетті қорлайтын кез келген тікелей әрекетті жасау. Бұған жеке немесе ұжымдық болса да және нәсілі, жасы, рөлі, гендерлік сәйкестігі немесе өзін-өзі көрсетуі, ұқсастығы, түсі, діні, этникалық тегі, шыққан елі, жыныстық бағдары, отбасылық жағдайы, асырауындағы адамдар, мүгедектігі, әлеуметтік тобы немесе саяси көзқарастары себеп болғанына қарамастан, жыныстық немесе басқа тиісудің немесе келемеждеудің кез келген түрі кіреді;
- басқа біреу адам құқықтарына қатысты ықтимал оқиға немесе проблема туралы хабарлайды деп болжау немесе жеке жауапкершілігін елемеге



Қосымша ақпарат алу үшін адам құқықтары саласындағы саясатымызбен және Қазіргі құлдық пен адам саудасы туралы өтінішімізбен танысыңыз

ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІЛІК

Біз өмір сүретін және жұмыс істейтін қоғамдастықтарды танытатын әр түрлі таланттарды жалдауға, дамытуға және жібермеуге тырысамыз. Біз әріптестеріміз өздерімен өздері бола алатындай және өздерін өз ісіне лайық деп сезінетіндей қолдаушылық, құрмет көрсету және инклюзивті мәдениетті көтермелеуге тырысамыз.

COMPASS БАРЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРІМІЗ ҮШІН ТЕНДІККЕ, ӘЛ-АУҚАТТЫЛЫҚҚА, ИНКЛЮЗИВТІЛІККЕ ҰМТЫЛАДЫ. БІЗ КЕМСІТУШІЛІКТІҢ, КЕЛЕМЕЖДЕУДІҢ НЕМЕСЕ ЗӘБІРЛЕУДІҢ КЕЗ КЕЛГЕН ТҮРІНЕ ҚАРСЫМЫЗ.

Біз сондай-ақ іскерлік серіктестерімізді жұмыспен қамту және жұмысқа орналастыру саласындағы кемсітушілікке мүлдем төзбеушілік тәжірибесін ұстануға, сондай-ақ әртүрлілік, тең құқықтылық және инклюзивтілік ортасын қалыптастыруға ықпал етуге шақырамыз.

Compass адамдардың шығу тегін, нәсілін, жынысын, гендерлік сәйкестігін немесе өзін-өзі көрсетуін, ұқсастығын, жасын, жыныстық бағдарын, дінін, этникалық тегін, некеде немесе азаматтық некеде болу мәртебесін, жүктілігін, ана немесе мүгедектігі бар адам болуын қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, адамдардың өзіне жеке тұлға ретінде өзгелердің құрметін сезінуін қамтамасыз ету үшін тұтастық тәсілін қолданады.



ИИ

- барлық қолданыстағы жергілікті заңдарды, нормативтік актілерді және еңбек нормаларын сақтау;
- адамдарға тең, алаламай және кемсітусіз қарау;
- әдепті, жағымды, қауіпсіз әрі әділ еңбек жағдайларын жасау және көтермелеу;
- барлық жұмыстың заңды түрде танылған еңбек қатынастарына негізделуін және қызметкерлер мен жұмыскерлердің өздерінің жалдану талаптары мен жеңілдіктері туралы нақты жазбаша ақпарат алуын қамтамасыз ету;
- жалдау, жоғарылату, оқыту және ауыстыруды қоса алғанда, жұмысқа орналастыру туралы барлық шешімді тек сіңірген еңбегі, бейімдігі мен қабілеттілігі негізінде және жұмысты ұйымдастыру түріне қарамастан тиісті жергілікті заңдарға сәйкес қабылдау;
- кейбір мәдениеттер, шығу тегі немесе перспективалар үшін қолайлы болуы мүмкін, бірақ басқалары үшін қолайлы емес мінез-құлықты тани білу және оған сезімтал болу және қажет болған жағдайда осындай мінез-құлықты түзету;
- мұқтаж жандарды қолдау үшін қажеттілігіне қарай тиісті, ақылға қонымды түзетулер енгізу (мысалы, мүмкіндігі шектеулі жандар үшін, күту міндеті жүктелгендер үшін жұмыс жағдайларын түзету және т.б.).



ЖОЖ

- 15 жасқа толмаған адамдарды жұмысқа немесе жоғарыдағы қолайлы жағдайға байланысты ең төменгі жас туралы жергілікті заңға сәйкес жалдау;
- денеге, ауызша, жыныстық болса да, тиісудің, келемеждеудің, кемсітудің, дұшпандық, қорлау, қорқыту, теріс пиғылды немесе ар-намысқа тиетін қарым-қатынастың кез келген түріне немесе зорлық-зомбылықты немесе зорлық көрсету туралы қорқытуды қоса алғанда, кез келген зиянды әрекетке көну;
- жеке немесе ұжымдық түрде жасалғанына қарамастан, нақты бір адамға немесе жеке адамдарға қатысты дұшпандық, қорлау, қорқыту, теріс пиғылды немесе ар-намысқа тиетін кез келген мінез-құлыққа қатысу;
- нақты бір адамға немесе жеке адамдарға қатысты қорлайтын, қорқытатын, теріс пиғылды немесе ар-намысқа тиетін және/немесе ізіне түсу немесе келемеждеу ретінде түсіндірілуі мүмкін кез келген жанама мінез-құлыққа қатысу



Қосымша ақпарат алу үшін әртүрлілік, әділеттілік және инклюзивтілік саласындағы саясатымызбен және Compass міндеттемелерімен танысыңыз

ӨНІМ БЕРУШІЛЕРДІ ЖАУАПТЫ ТҮРДЕ ІЗДЕУ

БІЗ ӨЗ ӨНІМДЕРІМІЗ БЕН ҚЫЗМЕТТЕРІМІЗДІ ТҰРАҚТЫ, ӘДЕПТІ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САНАЛЫ ТҮРДЕ ЖЕТКІЗУГЕ ТЫРЫСАМЫЗ.

Біз ингредиенттерді мүмкіндігінше жергілікті өнім берушілерден сатып аламыз, маусымдық және органикалық өнімдер аламыз және әділ сауда бастамаларына қатысамыз. Біз өнім берушілерді жауапты түрде таңдап алуға көп көңіл бөлеміз.

Біз сатып алатын және өз қызметтерімізді көрсету үшін пайдаланатын химиялық заттар мен басқа да өнімдер қызметкерлеріміз мен клиенттеріміз жөнсіз қауіпке ұшырамауы үшін жауапкершілікпен таңдалып, тасымалданады.

Біз барынша оң әсер ету үшін, сондай-ақ оларда жұмыс істейтіндерді ықтимал қиянат етуден және теріс пайдаланудан қорғау үшін жеткізу тізбегіміздің көзге көрінуін және айқындығын қолдау маңызды деп санаймыз.

Біз жануарларды қорғау стандарттарына үнемі әсер етуге және оларды жаһандық жеткізу тізбегіміз аясында арттыруға тырысамыз.



Жаһандық өнім берушілердің мінез-құлық кодексін, Жеткізілім тізбегінің тұтастығын қамтамасыз ету саясаты туралы өтінішті және веб-сайтымыздағы өнім берушілерді жауапты түрде таңдап алу парағын оқу арқылы өнім берушілермен жұмысымыз туралы толық ақпаратты таба аласыз



ИИ

- біздің өнім берушілерді іздеу және сатып алу қызметімізге қатысты барлық қолданыстағы заңдар мен нормативтік актілерді сақтау;
- Жаһандық өнім берушілердің мінез-құлық кодексінің қағидаттарын барлық жеткізу тізбегімізге енгізуді жалғастыру;
- өнім берушіні тіркеуден бастап жеткізілім мен ақы төленгенге дейін өзара қарым-қатынастың осы Кодекстің басшылыққа алынатын қағидаттарына және компания саясатына және/немесе жергілікті саясатқа сәйкес жүзеге асырылуына кепілдік беру үшін тиісінше тексеру жүргізу;
- біз жеткізу тізбегімізге оң әсер ете алатын кез келген жерде жануарлардың әл-ауқатын жақсартуға ықпал ету;
- мүмкіндігінше барлық жерде әртүрлілікке, әділеттілікке және инклюзивтілікке бағдарланған өнім берушілерді қолдау;
- жеткізу тізбегіндегі әдеп тәуекелдерімен байланысты қауіп дабылына уақтылы жауап беру



ЖОҚ

- өнім берушілермен шарт жасасқан кезде әдеп құндылықтарына, стандарттарға, мінез-құлыққа, сапаға немесе қауіпсіздікке қауіп төндіру;
- өнім берушімен немесе дистрибьютормен (немесе жанама түрде оларға өнім берушімен) бизнесті жалғастыру туралы оңай немесе қолайлы шешім қабылдау. Бұл соның ішінде бұл әрекет дұрыс болмайтын немесе мәселені шешуде прогресс жеткіліксіз болатын немесе Кодекс немесе Жаһандық өнім берушілердің мінез-құлық кодексі сақталмаған жағдайларға қатысты.

ЕҚ Ж ҚТ



ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ЕҢБЕКТИ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

Біздің мүлде зиян болдырмауға деген ұмтылысымыз басқаларға қамқорлық жасау және инклюзивтілік мәдениетімізден туындайды, оған сәйкес қызметкерлеріміздің, жұмыскерлеріміздің, клиенттеріміздің және біз қызметтер ұсынатын қоғамдастықтардың денсаулығы, қауіпсіздігі және әл-ауқаты – біздің басты басым міндетіміз.

БІЗ БҮКІЛ ҚЫЗМЕТІМІЗДЕ ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ПЕН САПАНЫҢ СЕНІМДІ СТАНДАРТТАРЫН ДАМУТАМЫЗ ЖӘНЕ ІСКЕРЛІК СЕРІКТЕСТЕРІМІЗДЕН ДЕ СОНЫ КҮТЕМІЗ.

Біз ЕҚЖҚТ саласындағы көрсеткіштерді үнемі жақсартуға тырысамыз және клиенттерімізді және бізбен бірге жұмыс істейтін басқа адамдарды барынша қауіпсіз жағдайларда жұмыс істеп жатқанымызға сендіру үшін стандарттарымызға сәйкестікке ұдайы баға береміз.



ӘИ

- ЕҚЖҚТ саласындағы барлық қолданыстағы заңдар мен нормативтік актілерді, сондай-ақ тиісті салалық стандарттарды және тиісті қауіпсіздік техникасы қағидалары мен рәсімдерін сақтау;
- кез келген қызметкердің, клиенттің, жергілікті өнім берушінің немесе мердігердің жарақаттануын болдырмауға тырысу;
- қауіпті жұмысты дереу тоқтату;
- компания саясатын және жергілікті саясаттарды, жұмыс орнындағы ЕҚЖҚТ стандарттары мен рәсімдерін сақтау және ұстану;
- өз жұмысын қауіпсіз орындау үшін тиісті жеке қорғаныш құралдары берілген құзыретті, тиісті түрде үйренген қызметкерлерді қамтамасыз ету;
- тек өзіміз үйренген, құзыретіміз, қабілетіміз жететін және медициналық тұрғыдан жарамды жұмыстың орындалуын қамтамасыз ету;
- жұмысымызға немесе өз міндеттерімізді орындау қабілетімізге байланысты кез келген орын алған немесе ықтимал жазатайым жағдай, денсаулықтың нашарлауы, қауіпсіз емес немесе қауіпті жағдайлар туралы дереу хабарлау;
- барлық ауыр оқыс оқиғалар мен ықтимал оқыс оқиғалардың бастапқы себептерін зерттеу және талдау;
- оқыс оқиғалардың қайталануын болдырмауға көмектесу үшін алған сабақтарымызды әріптестерімізбен бөлісу;
- заңнамалық және нормативтік-құқықтық талаптар мен озық тәжірибелерге сәйкес келетініне көз жеткізу үшін ЕҚЖҚТ саласындағы саясатты ұдайы қайта қарау



ЖОҚ

- қауіпсіз емес әрекетті немесе қауіпті елемей. Егер басқа біреудің қауіпсіз емес әрекет жасап жатқанын көрсек, онда бұл адамға мұның неге қауіпсіз емес екенін түсіндіріп, одан тоқтатуын және мәселені шешу үшін жергілікті рәсімдерді орындауын өтінуіміз керек;
- ағзамызда есірткі, алкоголь немесе басқа заттардың болуынан қандай да бір функцияларды немесе міндеттерді қауіпсіз орындау қабілетіміз бұзылатын жұмысқа келу немесе жұмысқа байланысты кез келген әрекетті орындау;
- орындау үшін өзіміз тиісті түрде үйренбеген немесе қауіпсіз және талаптарға сәйкес орындауға қабілетіміз жетпейтін міндетті немесе функцияны орындау;
- команда мүшесіне жағдайы нашар күйінде жұмыс істеуді жалғастыруға немесе қауіпсіз емес немесе талаптарға сәйкес келмейтін міндетті немесе функцияны орындауға рұқсат беру;
- басқа біреу қауіпсіз емес жағдай туралы хабарлайды деп болжау



Қосымша ақпарат алу үшін жұмыс орнындағы ЕҚЖҚТ саясаты туралы өтінішімізбен танысыңыз

АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ

БІЗДІҢ БАСЫМ МІНДЕТІМІЗ – КЛИЕНТТЕРІМІЗГЕ САПАЛЫ ӨНІМДЕР МЕН ИНГРЕДИЕНТТЕРДІ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, ЕҢ ЖОҒАРЫ СТАНДАРТТАР БОЙЫНША ӘЗІРЛЕНГЕН ТАҒАМДАР ҰСЫНУ.

Қауіпсіз және тиімді тәжірибені қамтамасыз ету үшін біз жер-жердегі қызметімізде сақталуға тиіс жалпы ең төменгі пайдалану стандарттары мен мінез-құлық қағидаларының жиынтығын әзірледік.

Олар нормативтік талаптарға және озық салалық тәжірибеге негізделген.



ЕИ

- барлық қолданыстағы заңдар мен нормативтік актілерді, сондай-ақ компанияның азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы барлық жүйелерін, саясаттары мен рәсімдерін сақтау;
- азық-түлік өнімдерін зақымдану қаупіне ұшыратпайтын тиісінше санитариялық жағдайларда өңдеу, дайындау, сақтау және тасымалдау;
- азық-түлік пен ингредиенттерді тек стандарттарымызға сәйкес келетін сенімді, сыннан өткен өнім берушілерден алуды қамтамасыз ету;
- қызметкерлерге жұмысын қауіпсіз, таза әрі талаптарға сай орындау үшін қажетті ақпарат, оқу мүмкіндігін және құралдар ұсыну;
- клиенттерге тамақ аллергиялары, көтере алмау және оларға сезімталдық туралы ақпарат беретін қызметкерлердің тиісінше дайындығын қамтамасыз ету;
- азық-түлік қауіпсіздігіне байланысты кез келген нақты немесе ықтимал проблема туралы дереу хабарлау және ластану қаупін болдырмау үшін шұғыл шаралар қолдану;
- азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы саясатты заңнамалық және нормативтік-құқықтық талаптарға және озық салалық тәжірибеге сәйкес келетініне көз жеткізу үшін ұдайы қайта қарау



ЖОҚ

- азық-түлікті зақымдану қаупін тудыратын жағдайлардың әсеріне ұшырату;
- орындау үшін өзіміз тиісті түрде үйренбеген немесе орындауға қабілетіміз жетпейтін немесе компанияның азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы қағидаттарына, саясатына және рәсімдеріне сәйкес келмейтін міндетті немесе функцияны орындау;
- команда мүшесіне қауіпсіз емес немесе қауіпсіз емес немесе корпоративтік қағидаттарға, азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы саясаттар мен рәсімдерге сәйкес келмейтін жұмыс істеуді жалғастыруға, міндетті немесе функцияны орындауға рұқсат беру;
- азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы саясатымызды, хаттамаларымызды немесе рәсімдерімізді қысқарту немесе аттап өту, сондай-ақ нормативтік талаптарды немесе ұсынымдарды елемей;
- жергілікті заңдарға немесе нормативтік актілерге сәйкес қажетті рұқсатсыз немесе лицензиясыз қондырғымен, тамақ әзірлеуге арналған асүйде немесе қоймалық үй-жайда жұмыс істеу;
- тұтынушыны өнімдерді, ингредиенттерді немесе қоспаларды пайдалануға қатысты жаңылыстыру;
- ингредиенттерге қатысты саналы түрде ескермеу немесе азық-түлік немесе сусын таңбалауында аллергиялардың пайда болу қаупін көрсетпеу;
- басқа біреу қауіпсіз емес немесе талаптарға сәйкес келмейтін жағдай туралы хабарлайды деп болжау



Қосымша ақпарат алу үшін Азық-түлік қауіпсіздігі саясаты туралы өтінішімізбен танысыңыз

ЖЕКЕ ТҰТАСТЫҚ



МҮДДЕЛЕР ҚАЙШЫЛЫҒЫ

Compass-та немесе Compass-пен жұмыс істейтін барлық қызметкерлер мен адамдар өздерінің Compass алдындағы жауапкершілігіне, міндеттеріне және міндеттемелеріне қайшы келуі мүмкін жеке мүдделерден (соның ішінде жеке қызмет пен қаржылық мүдделерден) аулақ болу керек.

Жеке мүдделерді Compass-тың мүдделерінен жоғары қойған кезде және бұл жеке мүдделер іскерлік пайымдауларға, шешімдерге немесе әрекеттерге орынсыз әсер еткенде немесе әсер ететін мүдделер деп қабылданғанда мүдделер қайшылығы пайда болады. Мұндай жағдайларда бұл Compass үшін жұмысты объективті түрде, әділ әрі тиімді орындауды қиындатуы мүмкін және заңды, нормативтік және беделге нұқсан келтіретін салдарға әкелуі мүмкін.

БІЗ ӘРДАЙЫМ COMPASS-ТЫҢ МҮДДЕСІН КӨЗДЕЙ ОТЫРЫП ӘРЕКЕТ ЕТУГЕ ТЫРЫСАМЫЗ ЖӘНЕ ОСЫ СЕБЕПТІ ЫҚТИМАЛ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ НАҚТЫ МҮДДЕЛЕР ҚАЙШЫЛЫҒЫН АШУ АШЫҚТЫҚ, СЕНІМ ЖӘНЕ ТҰТАСТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ДАМУЫҒА КӨМЕКТЕСЕДІ.



Қосымша ақпарат алу үшін Іскерлік әдеп саясатымызбен танысыңыз немесе заңды тұлғаға немесе әдеп және тұтастық мәселелері жөніндегі тобымызға хабарласыңыз



ЕИ

- барлық қолданыстағы заңдар мен нормативтік актілерді сақтау;
- біздің жеке қызметіміз, мүдделеріміз бен қарым-қатынастарымыз Compass алдындағы міндеттеріміз бен жауапкершілігімізге қайшы келмеуін қамтамасыз ету;
- кез келген нақты, болжамды немесе ықтимал мүдделер қайшылығын ашық түрде және уақтылы хабарлау және ашу. Жанжалды болдырмау мүмкін болмаған жағдайда, тікелей басшымыздың, заңгердің немесе әдеп және тұтастық мәселелері жөніндегі топтың кеңестерін тыңдау арқылы жағдайды ашық түрде басқару;
- кез келген нақты немесе ықтимал мүдделер қайшылығын тиісті ақпаратты ашу тізілімінде тіркеу



ЖОҚ

- жеке пайда табу немесе жеке қарым-қатынасты нығайту үшін кез келген іскерлік мүмкіндікті тиісінше пайдаланбау немесе басқа адамдарға ұсыну;
- жеке мүдделерімізді немесе достарымыздың, отбасымыздың немесе өзімізге белгілі адамдардың/ұйымдардың мүдделерін іске асыру үшін Compass-тағы жағдайын немесе өкілеттіктерін теріс пайдалану;
- бізге әсер ететін мүдделер қайшылығы бар немесе туындауы мүмкін тағайындауларға, пікірталастарға, дауыс беруге келісу немесе кез келген шешім қабылдау үрдісіне немесе әрекетке қатысу

ҚҰПИЯ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТІК АҚПАРАТ

БІЗ БҮКІЛ ҚҰПИЯ АҚПАРАТТЫ ҚОРҒАУҒА ЖӘНЕ ОНЫ ТЕК ҚАЖЕТ БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА ЖӘНЕ ҚАЖЕТТІ РҰҚСАТТАРМЕН ТАРАТУҒА МІНДЕТТЕНЕМІЗ.

Біз құпия ақпаратты шынымен іскерлік қажеттілік бойынша қызметкерлер немесе уәкілетті үшінші тұлғалар ғана ала алатынына кепілдік береміз.

Біздің клиенттеріміз, қызметкерлеріміз, іскерлік серіктестеріміз және мүдделі тараптар біз сақтайтын немесе пайдаланатын құпия ақпаратты қатаң бақылауымызды күтеді. Құпия ақпаратпен дұрыс алмаспау немесе оны дұрыс пайдаланбау салдары ауыр болуы мүмкін, соның ішінде қомақты айыппұлдар мен өсімпұлдарға, қылмыстық айыптауларға, азаматтардың талап арыздарына, сенімнен айырылуға әкелуі мүмкін. Құпия ақпаратқа өнімдер немесе үрдістер, клиенттеріміз бен өнім берушілеріміз, өнім берушілер тізімдері, баға белгілеу, маркетинг немесе қызмет көрсету стратегиялары, көпшілікке арналмаған қаржылық есептер, саясаттар немесе рәсімдер, активтерді сату, бірігу және сатып алу сияқты мәселелерге қатысты электрондық немесе қағаз жеткізгіштегі ақпарат кіреді. Бұл тізім толық емес. Қызметтік ақпарат та – құпия ақпараттың бір түрі және заңда айқындалған мағынаға ие. Бұл – көпшілікке жария етілмеген, Compass Group-қа тікелей немесе жанама түрде қатысы бар нақты сипаттағы ақпарат және егер ол көпшілікке жария етілсе, Compass Group бағалы қағаздарының құнына айтарлықтай әсер етуі ықтимал еді. Қызметтік ақпараты бар Compass Group бағалы қағаздарымен жүргізілетін операциялар Ұлыбританияда, АҚШ-та және басқа да көптеген елдерде қылмыстық құқық бұзушылық болып саналады.



ӘИ

- барлық қолданыстағы заңдар мен нормативтік актілерді сақтау;
- егер сізге қолжетімділігі шектеулі адам екеніңізді немесе жобаға немесе инсайдерлер тізіміне енгізілгеніңізді хабарласа, Ақпарат алмасу кодексімізді ұстану керек;
- қажет болған жағдайда және тиісті өкілеттіктер болғанда ғана құпия ақпараттың немесе қызметтік ақпараттың ашылуын қамтамасыз ету;
- құпия немесе қызметтік ақпаратты пайдаланған немесе онымен жұмыс істеген кезде сақ болу;
- қызметтік ақпаратты бағалы қағаздармен мәмілелер жасау үшін пайдалану, біреуді мәміле жасауға ұсыну, көтермелеу немесе тұрткі болу немесе қызметтік ақпаратты ашу (мұны өз жұмысыңыздың немесе міндеттеріңіздің аясында жасауға міндетті болған жағдайларды қоспағанда) инсайдерлік сауда туралы заңдардың бұзылуына әкелуі мүмкін екенін, бұл қылмыстық құқық бұзушылыққа теңестірілуі мүмкін екенін есте ұстау;
- жұмыс орнынан тыс жерлерде құжаттардағы және технологиялық құрылғылардағы ақпаратты қорғау бойынша барлық қажетті шараларды қолдануды қоса алғанда, қоғамдық орындарда құпия немесе қызметтік ақпаратты жария етпеу;
- егер құпия немесе қызметтік ақпараттың не екеніне немесе қандай да бір қызметтің инсайдерлік мәмілеге қауіп төндіру мүмкіндігіне сенімді болмасақ, кеңес сұрау




ЖОҚ

- жеке пайда табу немесе артықшылық мақсатында кез келген құпия немесе қызметтік ақпаратты көшіру, ашу немесе пайдалану;
- құпия немесе қызметтік ақпаратты көшіру, пайдалану немесе басқа біреуге, оның ішінде мұны білудің қажеті жоқ туыстарға, достарға немесе әріптестерге беру;
- құпия немесе қызметтік ақпаратты арнайы өкілеттісіз немесе сауда туралы жаңартулар немесе басқа да нарықтық хабарландырулар жарияланғанға дейін ашу немесе бөлісу (оның ішінде ішкі мүдделі тараптарға немесе әріптестерге);
- егер бізде қызметтік ақпарат болса, Compass акцияларын (немесе акцияларына биржада баға белгіленетін кез келген басқа компанияның акцияларын) сатып алу, сату немесе басқа жолмен мәмілелер жасау. Біз басқа адамдардан біздің атымыздан сауда жасауын сұрамауымыз керек немесе басқаларға өзіміздегі қызметтік ақпаратты сеніп тапсырмауымыз керек;
- егер Compass-тағы жұмысымыз аяқталу барысында болса, құпия ақпаратты көшіру немесе өзімізбен бірге алу;
- құпия немесе қызметтік ақпаратпен қауіпсіз емес тәсілмен бөлісу. Егер тиісінше қорғауды қандай беру механизмі қамтамасыз ететініне сенімді болмасаңыз, цифрлық технологиялар бөлімінен кеңес сұраңыз



Қосымша ақпарат алу үшін Акциялармен жұмыс істеу кодексімізбен (тек ішкі пайдалану үшін) танысыңыз немесе заң бөліміне немесе компанияның хатшылығына

КОММЕРЦИЯЛЫҚ ТҰТАСТЫҚ



АДАЛ БӘСЕКЕЛЕСТІК

Біз жаһандық деңгейде адал бәсекелестікке ұмтыламыз.

Монополияға қарсы заңнама және бәсекелестікті қорғау туралы заңнама («бәсекелестік туралы заңдар») тұтынушыларды қорғайды және әділ бәсекелестікті көтермелейді, онда нарыққа қатысушылардың бағаны белгілеу немесе жасанды түрде түзету, нарықтарды немесе клиенттерді бөлу, өндірісті немесе жеткізілімді шектеу, мөлшерлемелерді бұрмалау бойынша кез келген үйлестірілген әрекетіне тыйым салынған немесе саудаға өзгеше шектеу қойылған.

Коммерциялық құпия ақпаратты бәсекелестермен (тікелей немесе үшінші тарап арқылы) бөлісуге тыйым салынған.

Сондай-ақ жеткізілім тізбегінің әр түрлі деңгейлерінде жұмыс істейтін компаниялардың қатысуымен баға белгілеуді қоса алғанда, бәсекелестікке қарсы мінез-құлыққа тыйым салынған. Бәсекелестік туралы заңдар әділ бағада сапалы тауарлар мен қызметтер ұсыну үшін бәсекелестікке кедергі келтірмейтін, шектемейтін немесе бұрмаламайтын (немесе мұны істеуге ниетті емес) кәсіпорындардың адал бәсекелестігін қамтамасыз етуге бағытталған.

БІЗ АДАЛ БӘСЕКЕЛЕСТІККЕ ЖӘРДЕМДЕСЕМІЗ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ЗАҢНАМАНЫ ТҮСІНУ ЖӘНЕ САҚТАУ АРҚЫЛЫ КЛИЕНТТЕРІМІЗДІҢ, ІСКЕРЛІК СЕРІКТЕСТЕРІМІЗДІҢ, ИНВЕСТОРЛАРЫМЫЗДЫҢ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК БИЗНЕС-ҚОҒАМДАСТЫҚТЫҢ СЕНИМІН ҚОЛДАЙМЫЗ.

Бұған өтінімдерді немесе тендерлік ұсыныстарды үйлестіре алатын бәсекелестермен немесе басқа үшінші тұлғалармен картельге байланысты қызметке қатысудан бас тарту немесе өзгеше қатысу кіреді.



Қосымша ақпарат алу үшін Іскерлік әдеп саясатымызбен танысыңыз немесе заңды тұлғаға немесе әдеп және тұтастық мәселелері жөніндегі тобымызға хабарласыңыз



ИИ

- барлық санатқа және біз жұмыс істейтін барлық нарыққа арналған бәсекелестік туралы заңдарды сақтау;
- клиенттермен және іскерлік серіктестермен іскерлік қарым-қатынасымызды тиісті түрде құжаттандыруды және оны заң бөлімінің мақұлдауын қамтамасыз ету;
- сауда қауымдастықтарына, сауда конференцияларына немесе басқа салалық форумдарға қатысу кезінде бәсекелестікке қарсы әрекетке (белсенді немесе селқос түрде) қатысып отырмағанымызға көз жеткізу үшін сақ болу және тиісті рұқсат алу;
- кез келген келісім бәсекелестікті шектемейтініне және теріс әсер етпейтініне көз жеткізу үшін өнеркәсіп, экология, тұрақты даму немесе басқару саласындағы басқа бастамаларға қатысты бәсекелестермен немесе өнім берушілермен ынтымақтастық орнату ниетіміз болған кезде заңгерлік кеңес алу;
- бәсекелеспен жеткізу шартын немесе басқа коммерциялық келісімді жасасу ниетіміз болған кезде алдын ала заң көмегіне жүгіну;
- егер сіз бәсекелестікке қарсы тәжірибеге әкелуі мүмкін үшінші тараптармен қандай да бір әрекеттер немесе уағдаластықтар туралы білсеңіз, мүмкіндігінше тезірек заң бөліміне немесе әдеп және тұтастық бөліміне хабарлаңыз немесе Speak Up, We're Listening жүйесі арқылы хабар беріңіз.



ЖОҚ

- өтінімдерді немесе тендерлік ұсыныстарды бұрмалау немесе кез келген өтінімге немесе тендерлік ұсынысқа байланысты бәсекелестермен немесе басқа үшінші тұлғалармен (мысалы, жергілікті заң командаңыз айналысатын ресми бірлескен өтінімге немесе бірлескен кәсіпорынға байланысты болатын жағдайды қоспағанда) байланыс жасау;
- уағдаластықтарды заңды тұлғалар мақұлдаған жағдайларды қоспағанда, құпия коммерциялық ақпаратты бәсекелестермен тікелей немесе жанама түрде бөлісу;
- бәсекелестермен баға белгілеуді, соның ішінде Compass тауарларды немесе қызметтерді сататын немесе сатқысы келетін бағаны белгілеуді немесе кез келген басқа қаржылық немесе қаржылық емес коммерциялық стратегияны келісу немесе тіпті талқылау;
- қолдануға болатын баға қойған жерде клиенттерге Compass компаниясы ұсынатын тауарларды немесе қызметтерді қайта сату бағасын өзі ұсынуды тырысу;
- кез келген басқа компаниямен тауарларды өндіруді немесе қызмет көрсетуді шектеу туралы немесе олармен нарықтарды немесе клиенттерді бөлу туралы немесе нарыққа қатысушының ұжымдық бойкоты туралы уағдаласу;
- өнім берушілер ұсынған бөлшек сауда бағаларын автоматты түрде қолдану. Біз баға белгілеу туралы өз шешімімізді қабылдап, оны тіркеуіміз керек

ПАРАҚОРЛЫҚҚА ЖӘНЕ ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

Біз барлық қызмет салаларында адалдық пен кәсібиліктің ең жоғары стандарттарын сақтауға тырысамыз.

Жемқорлық – сеніп тапсырылған билікті теріс пайдалану. Оның қоғам мен қоғамдастықтарға әсері жойқын. Әлдекім пайда алушы адамның өз міндеттерін тиісінше орындамауын көздей отырып, тікелей немесе жанама түрде сыйақы ұсынғанда, уәде бергенде немесе қаржылық немесе өзге де пайда ұсынғанда, біреуден қабылдағанда немесе сұратқанда парақорлық пайда болады.

Артықшылыққа ақша, сыйлықтар, қонақжайлылық, көрсетілетін қызметтер, қол қойғаны үшін орынсыз бонус немесе жеңілдіктер, қайырмалдық, демеушілік немесе қоғамдастықтардың инвестициялары сияқты құнды нәрселер кіруі мүмкін. Сондай-ақ бұған отбасы мүшесіне немесе жақын досына жұмысқа орналастыруға уәде беру сияқты ақшалай емес жеңілдіктер немесе мүмкіндіктер кіруі мүмкін.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық шартына қол қойған компания ретінде біз күшпен алушылық пен парақорлықты қоса алғанда, жемқорлықтың барлық түрімен күресуге бейілдіміз.

КЕЗ КЕЛГЕН ӘДЕПСІЗ НЕМЕСЕ ЗАҢСЫЗ ҚЫЗМЕТКЕ ҚАТАҢ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.



Қосымша ақпарат алу үшін Іскерлік әдеп саясатымызбен, Компанияның мақұлдау нұсқаулығымен (тек ішкі мақсаттар үшін) танысыңыз немесе заң бөліміне немесе компанияның әдеп және тұтастық бөліміне хабарласыңыз



ИИ

- барлық қолданыстағы жемқорлыққа қарсы заңдар мен нормативтік актілерді сақтау;
- Compass беделін қорғау және бизнесіміздің ұзақ мерзімді табысын қамтамасыз ету үшін адал әрекет ету;
- пара туралы кез келген талапты немесе ұсынысты қабылдамау;
- іскерлік операцияға немесе келісімге байланысты пайданы ұсынған, берген немесе қабылдаған кезде басшылықтың мақұлдауын алдын ала алу және заңгерлік кеңес алу;
- біздің атымыздан әрекет ететін немесе біз үшін қызмет көрсететін адамдардың біздің құндылықтарымыз бен қағидаттарымызға қосылуын және адал жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- Compass атынан қызмет көрсететіндерді қоса алғанда, мемлекеттік лауазымды адамдармен немесе мемлекеттік лауазымды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайтын немесе олардың мүдделерін қорғайтын үшінші тұлғалармен қарым-қатынас кезінде аса сақ болу;
- компания саясатына және жергілікті саясаттар мен рәсімдерге сәйкес қандай да бір сыйлықтар немесе қонақжайлылық белгілерін ұсынбас немесе қабылдас бұрын алдын ала мақұлдауды сұрату;
- Compass іскерлік адалдық саясатына және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік мақсаттарына сәйкес қайырымдылық, заттай қайырмалдықтың, демеушіліктің және қоғамдастықтарға инвестициялардың пайдаланылуын қамтамасыз ету;
- егер сіз парақорлық пен жемқорлыққа әкелуі мүмкін үшінші тараптармен қандай да бір әрекеттер немесе уағдаластықтар туралы білсеңіз, мүмкіндігінше тезірек топтың заң бөліміне, әдеп және тұтастық бөліміне хабарлаңыз немесе Speak Up, We're Listening жүйесі арқылы хабар беріңіз.



ЖОҚ

- қай жерде жұмыс істейтінімізге, орын алған жағдайға және бұған кім қатысқанына қарамастан, кез келген түрдегі параны ұсыну, қабылдау немесе төлеу;
- егер төлем жасаудан бас тартсаңыз, жеке басыңызға қауіп төнетін жағдайға тап болмасаңыз, жәрдемдескені үшін сыйақы (ақша) немесе басқа да қаражат беру немесе ұсыну;
- әлдекімнің жеке шоттарын немесе шығыстарын тиісінше төлемеуді қоса алғанда, қолма-қол ақшаны (немесе олардың баламаларын) тиісінше төлемеу;
- шешім қабылдауға әсер ету үшін мемлекеттік шенеуніктерге қандай да бір артықшылықтар беру;
- кеңесшілерімізге, эдвайзерлерге, агенттерге немесе делдалдарға тікелей немесе жанама түрде пара беруге рұқсат беру немесе өзгеше уәкілеттік беру;
- құндылығына қарамастан, бизнес-шешімге әсер етуші ретінде түсіндірілуі мүмкін кез келген пайданы ұсыну, беру немесе қабылдау

БАСҚА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРҒА ҚАТЫСТЫ ТАЛАПТАРДЫ САҚТАУ

БІЗ АҚШАНЫ ЖЫЛЫСТАТУҒА, ТЕРРОРИЗМДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУҒА ЖӘНЕ САЛЫҚ ТӨЛЕУДЕН ЖАЛТАРУҒА ҚАРСЫ ЖАҒАНДЫҚ КҮРЕСТЕ КӨМЕКТЕСУГЕ ТЫРЫСАМЫЗ.

Бұл әрекеттер бүкіл әлемдегі жаһандық қоғамдастықтарға нұқсан келтіреді. Compass қолданыстағы санкциялар мен сауданы бақылау бағдарламаларын орындайды. Санкциялар бағдарламаларын белгілі бір жеке тұлғалардың, ұйымдардың, секторлардың және/немесе елдердің операцияларына немесе олармен жүргізілетін операцияларға тыйым салатын немесе шектейтін («санкцияланған қызмет») үкіметтер мен үкіметаралық ұйымдар қолданысқа енгізеді. Compass біздің заңды бұзатын немесе бізді қисынсыз түрде беделге нұқсан келтіретін тәуекелге ұшырататын рұқсат етілмеген әрекеттермен айналыспайтынымызға кепілдік беру үшін тиімді және қажетті сақтық шараларын қолдануға тырысады.

Ақшаны жылыстату – қылмыстық жолмен алынған кірісті жасыру немесе бүркемелеу және оны қылмыскерлердің қолында ұстау мақсатында күш салу. Егер ақша немесе мүлік терроризм немесе террористердің мүлкін жылыстату мақсатында пайдалануға арналған немесе пайдаланылуы ықтимал болса, оларды алу немесе беру терроризмді қаржыландыруға кіреді.

Салық төлеуден жалтару – әлемнің кез келген жерінде заңсыз төленбеген немесе төмендетілген салық сомасы. Бұл басқа адамға салық төлеуден жалтаруға саналы түрде көмек көрсетуді немесе оның іс-әрекеттеріне өзге де қатысуды білдіреді.

Compass біз қай жерде жұмыс істесек те, осындай қылмыстар жасауға ықпал ететіндей жолмен бизнес жүргізуге қатаң тыйым салады.



Қосымша ақпарат алу үшін Іскерлік әдеп саясатымызбен танысыңыз немесе заңды тұлғаға немесе әдеп және тұтастық мәселелері жөніндегі тобымызға хабарласыңыз



ЕИ

- барлық қолданыстағы заңдар мен нормативтік актілерді сақтау;
- заңсыз қаражатты жасырудың алдын алу және анықтау үшін қолданылатын рәсімдер мен бақылау құралдарын түсіну және қолдану;
- қылмыстық құқық бұзушылыққа теңестірілуі мүмкін болғандықтан, біздің қылмыстық қызметтен кіріс алып отырмағанымызға немесе рұқсат етілмеген қызметке қатысып отырмағанымызға көз жеткізу үшін іскерлік серіктестермен қаржылық операцияларға негізді тексерулер жүргізу;
- салық төлеуден жалтаруға қатысты қауіп дабылына, әсіресе төлемнің мақсаты мен тәсіліне, алушыға және банктік шоттардың орналасқан жеріне мұқият болу;
- бұзушылықтарды немесе олардың өршуін уақтылы жоюды қамтамасыз ете отырып, шот-фактуралар мен төлемдерді өңдеу кезінде, сондай-ақ ақша қаражатын алу кезінде қырағы болу;
- егер сізде ақша нақты немесе ықтимал жылыстатылды, терроризмді қаржыландырды, салық төлеуден жалтарды немесе санкцияларды бұзды деген күдік болса, тез арада компанияның заң бөліміне, әдеп және тұтастық бөліміне хабарлаңыз немесе мүмкіндігінше тезірек Speak Up, We're Listening жүйесі арқылы хабар беріңіз.



ЖОҚ

- ешқандай жағдайда заңсыз алынған қаражатпен немесе активтермен байланысты немесе терроризмді қаржыландыруға немесе рұқсат етілмеген қызметке қатысуға әкеліп соғатын қандай да бір коммерциялық немесе өзге де келісім түріне саналы түрде қатысу;
- ұйымдасқан қылмыспен немесе басқа да қылмыстық әрекеттермен байланысты контрагентті саналы түрде тарту;
- егер заң және қаржы органдары тиісті деңгейде мақұлдасаса, әдеттегі қызмет аясынан тыс ерекше ақша операцияларын қабылдау, алу, ұсыну немесе жүзеге асыру;
- үшінші тарап негізді тексерулер жүргізді деп шамалай салу. Тексерудің болмауы Compass компаниясы мен оның қызметкерлеріне қауіп төндіруі мүмкін;
- үшінші тарап өз қызметін жүзеге асыратын, штаб-пәтері бар немесе тауарлар немесе қызметтер алынатын немесе олар жеткізілетін жердің заң құзыретінде жоқ үшінші тараптың банктік шотына төлем жасау

ДӘЛ БУХГАЛТЕРЛІК КІТАПТАР МЕН ЖАЗБАЛАР

БІЗ БИЗНЕСТІ АДАЛ ӘРІ АЙҚЫН ТӘСІЛМЕН ЖҮРГІЗУГЕ БОЛАТЫНЫНА СЕНЕМІЗ.

Кез келген алаяқтық, жаңылыстыратын немесе әділетсіз әрекетке қатысуға қатаң тыйым салынады.

Ақпаратты құруға, өңдеуге және Compass бухгалтерлік кітаптары мен есептеріне енгізуге қатысатын барлық адам сенімді ақпаратты қамтамасыз етуге жауапты.

Біздің бухгалтерлік кітаптарымыз бен жазбаларымыздан қолданыстағы бухгалтерлік есепке алу стандарттарына және ішкі бақылау жүйемізге сәйкес қаржылық және іскерлік операцияларымыз дәл көрінуге тиіс.



Қосымша ақпарат алу үшін Компанияның мақұлдау нұсқаулығына (тек ішкі пайдалану үшін), Іскерлік әдеп саясатына жүгініңіз немесе компанияның немесе еліңіздің Қаржы бөліміне хабарласыңыз.



ИӘ

- барлық қолданыстағы бухгалтерлік есепке алу заңдары мен стандарттарын сақтау;
- ішкі бақылау жүйемізді ұстану және сақтау;
- барлық бухгалтерлік жазбаларда, қаржылық есептерде және тізімдемелерде кәсіпорындарымыздың қаржылық жағдайы туралы барынша толық, әділ және дәл деректер көрсетілуін қамтамасыз ету;
- компаниядағы Бекіту жөніндегі нұсқаулықтың және жергілікті үрдістердің сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ өтінімдер мен бекіту туралы сұрауларды қолдау үшін тиісті құжаттаманы ұсыну;
- біз бекітетін және тіркейтін операциялардың заңды іскерлік мақсатқа негізделуін қамтамасыз ету;
- жергілікті салықтық, қаржылық және заңды міндеттемелерге сәйкес бухгалтерлік жазбалар мен құжаттаманы сақтау



ЖОҚ

- қаржылық немесе қаржылық емес кез келген жазбаны жасыру немесе бұрмалау немесе шынайы қалпын, мақсатын және/немесе алушысын жасыру үшін кез келген транзакцияны қате сипаттау;
- ашылмаған немесе тіркелмеген есепке алу жазбаларын, қаражатты немесе активтерді құру, қолдау немесе басқа тұлғаларға жөнсіз құруға, қолдауға рұқсат беру;
- компанияның жазбаларын, шоттарын және құжаттарын жасыру, жою немесе жөнсіз өзгерту;
- Compass-тың кез келген активін топтың Рұқсаттар жөніндегі нұсқаулығына сәйкес рұқсатсыз және тиісінше құжаттамасыз пайдалану немесе өзгеше түрде беру;
- жергілікті және/немесе компаниядан қажетті рұқсаттарды алмастан, келісімшарттық немесе қаржылық келісімдер жасасу;
- Compass-тың қаржылық үрдістеріне немесе нақты транзакцияларға қатысты жалған, жаңылыстыратын немесе толық емес түсініктер беру

ДЕРЕКТЕРДІҢ ҚҰПИЯЛЫҒЫ

Compass әріптестеріміз, клиенттеріміз, өнім берушілеріміз, акционерлеріміз және басқа үшінші тұлғалар туралы дербес деректерді сақтайды. Дербес деректерге адамды сәйкестендіретін немесе оны сәйкестендіретіндей ететін кез келген ақпарат кіреді. Мұндай ақпаратты қағаз файлдарда да, электрондық түрде де сақтауға болады.

ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ӘРДАЙЫМ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУІМІЗ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ.

Дербес деректерге ұқыпты қарау бизнесіміз үшін өте маңызды. Бизнесіміз аясында дербес деректерді жинау кезінде біз адамның жеке өміріне қол сұғылмаушылық құқығы мен оның дербес деректерін пайдалануға, өңдеуге немесе сақтауға қатысты заңды іскерлік мақсаттар немесе заңды талаптар арасындағы тиісті балансты сақтауымыз керек. Біз дербес деректермен алмасуымыз немесе олардан дербес деректер алуымыз мүмкін басқа адамдармен жұмыс істегенде біз оларға құпиялыққа қалай мән беретінімізді және қандай стандарттар сақталуға тиіс екенін түсіндіреміз.



Егер топ деректерінің құпиялық саясатының (тек ішкі мақсаттар үшін) немесе қолданатын елдің құпиялық саясатының стандарттары орындалмады деп санасаңыз, деректердің жайылғаны туралы біліп қалсаңыз немесе дербес деректермен алмасуға немесе пайдалануға қатысты алаңдаушылық туындаса, дереу еліңіздің деректерді қорғау жөніндегі өкіліне, заңгерлер командасына немесе компанияның әдеп және тұтастық бөліміне хабарласыңыз.



ИЕ

- деректердің құпиялығы туралы барлық қолданыстағы заңдар мен нормативтік актілерді сақтау;
- дербес деректерді немесе дербес сәйкестендіретін ақпаратты («дербес деректер») жинау және өңдеу кезінде олардың заңды іскерлік мақсатта пайдаланылуын қамтамасыз ету;
- дербес деректерді олар алынған мақсатта ғана пайдалануды қамтамасыз ету және дербес деректерді тиісті мақсат үшін қажетті мөлшерден артық жинамау;
- деректер субъектілерінің құқықтарын құрметтеу және қолдануға болатын жағдайда алынған сұратуларға немесе хабарламаларға жауап бере отырып, жергілікті заңнамаға сәйкес әрекет ету;
- Compass ақпараттық-технологиялық жүйелерінде дербес деректерді сенімді сақтау;
- дербес деректерді (ішкі және сыртқы) тек заңды іскерлік мақсаттарда, қажеттілігіне қарай және қауіпсіз тәсілмен алмасу;
- бекітілген беру механизмдерінің көмегімен дербес деректерді үшінші тарапқа беруді қамтамасыз ету. Егер сенімді болмасаңыз, цифрлық технологиялар жөніндегі маманнан кеңес алыңыз;
- дербес деректерді алатын барлық адамның деректерді тек келісілген мақсатта пайдалана отырып, деректердің құпиялығы мен қауіпсіздігін сақтаудың маңыздылығын түсінуін қамтамасыз ету;
- еліңіздегі заңды тұлғаларға немесе деректерді қорғау жөніндегі маманға ықтимал деректердің құпиялығына қатысты ықтимал оқыс оқиғалар туралы дереу хабарлау



ЖОҚ

- дербес деректерді рұқсат етілген немесе қажет болған уақыттан ұзақ сақтау;
- дербес деректерді рұқсат етілмеген мақсаттарда пайдалану;
- деректерді басқа елдерге қауіпсіз емес тәсілмен немесе тиісінше қорғамай жіберу;
- деректерді Compass-тағы немесе одан тыс жерлердегі уәкілдік берілмеген адамдарға беру;
- мұны басқа біреу орындайды деп болжау немесе деректердің құпиялығына байланысты ықтимал оқыс оқиғаны хабарлауға немесе жазуға жеке жауапкершілігімізді елемей

СЫРТҚЫ ҚЫЗМЕТ



РЕТТЕУШІ ОРГАНДАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖӘНЕ САЯСИ ҚЫЗМЕТ

Бизнес жүргізу аясында Compass кейде бүкіл әлем бойынша мемлекеттік органдармен, қоғамдық мүдделер топтарымен, салалық қауымдастықтармен және басқа да осыған ұқсас ұйымдармен өзара әрекеттеседі.

Бұл ретте біз саяси қызметті реттейтін жергілікті заңдардың орындалуын қамтамасыз етуіміз керек.

Көптеген жағдайларда үкіметпен жұмыс кезінде қолданылатын заңдар жеке компаниялармен жұмыс істеген кезде қолданылатындарға қарағанда барынша қатаң болуы мүмкін. Біз бірге бизнес жүргізетін барлық адамдар сияқты біз үкіметтің жауапты серіктесі болуға тырысамыз және ең жоғары әдеп стандарттарын ұстанамыз.

COMPASS САЯСАТЫ – ЕШҚАНДАЙ САЯСИ ҚАЙЫРМАЛДЫҚ ЖАСАМАУ.



ЕИ

- барлық қолданыстағы заңдар мен нормативтік актілерді сақтау;
- ақпаратымыздың шынайылығы мен дәлдігін, сондай-ақ Compass-тың заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;
- тергеп-тексеру және аудит жүргізетін кез келген үкіметпен немесе билік органдарымен ынтымақтасу;
- уәкілетті мемлекеттік органдармен кез келген жоспарланған қарым-қатынас туралы тиісті тікелей басшыға хабарлау және осындай тараптармен өзара іс-қимыл басталар алдында оның мақұлдауын сұрату;
- егер белгілі бір күнделікті әрекеттер өздігінен Ұлыбританияның 2006 жылғы компаниялар туралы Заңына сәйкес саяси қайырмалдықтар мен саяси шығыстарды құрайтын мәселелердің толық анықтамасына кірсе, тиісті рұқсаттарды алу;
- егер қандай қызметті саяси қайырмалдық және/немесе саяси шығыстар ретінде анықтауға болатынына сенімді болмасаңыз, Компаниялар тобының Хатшылығынан кеңес сұраңыз.



ЖОҚ

- саяси партияны немесе іс-шараларды насихаттайтын кез-келген саяси ұйымға Compass атынан қайырмалдық жасау;
- саяси мақсаттарға қайырмалдық жасау немесе саяси партияның немесе лауазымға үміткердің пайдасына жарналар салу;
- Заңгерлер тобының, Коммуникациялар тобының және Инвесторлармен байланыс тобының басшылығымен орындаған жағдайларды қоспағанда, заң шығарушыларды, саяси үміткерлерді, реттеуші органдарды, мемлекеттік қызметшілерді немесе қоғамдық мүдделерді қорғайтын топтарды қолпаштаумен айналысу немесе олармен байланыс жасау.



Қосымша ақпарат алу үшін Іскерлік әдеп саясатымызбен танысыңыз немесе заңды тұлғаға немесе әдеп және тұтастық мәселелері жөніндегі тобымызға хабарласыңыз

СЫРТҚЫ КОММУНИКАЦИЯ

Кейде бізден сырттағы адамдардың немесе ұйымдардың сұрақтарына жауап беруді сұрауы мүмкін немесе бұқаралық ақпарат құралдарынан, баспасөзден, талдаушылардан немесе инвестициялық қоғамдастықтан сұратулар алуымыз мүмкін.

БІЗ ӨЗ ҚЫЗМЕТІМІЗ БЕН ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІМІЗ ТУРАЛЫ НАҚТЫ АҚПАРАТТЫ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН, СОНЫҢ ІШІНДЕ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫМЕН, БАСПАСӨЗБЕН, ИНВЕСТОРЛАРМЕН ЖӘНЕ РЕТТЕУШІ ОРГАНДАРМЕН БӨЛІСУГЕ ТЫРЫСАМЫЗ.

Біз нарық туралы ақпаратты ашу міндеттемелерімізді сақтаймыз және сыртқы коммуникацияларымызда ашық әрі адал боламыз.



Қосымша ақпарат алу үшін қоғаммен байланыс қызметіне, инвесторлармен байланыс бөліміне немесе заң бөліміне хабарласыңыз



ЕИ


- Compass Group PLC атынан немесе тапсырмасы бойынша БАҚ-қа немесе баспасөзге жауап бермес бұрын компанияның коммуникация бөлімінің, инвесторлармен байланыс бөлімінің және заң бөлімінің мақұлдауын алу;
- Compass басқаратын компания атынан БАҚ-қа немесе баспасөзге жауап бермес бұрын қажет болған жағдайда заң және коммуникация бөлімдерімізден кеңес пен мақұлдауын алуды қамтамасыз ету;
- Compass операциялық компаниясының атынан қандай да бір үкіметпен, реттеуші органдармен, заң шығарушылармен немесе лоббистік топтармен байланысқа түспес бұрын заңгерлерімізден және коммуникациялар жөніндегі мамандарымыздан рұқсат және кеңес алу;
- егер сенімді болмасаңыз, БАҚ-қа ақпарат ашуға қатысты қоғаммен байланыс жөніндегі мамандарымызбен және заңгерлерімізбен кеңесу



ЖОҚ

- егер сіз Compass өкілі болып тағайындалмасаңыз және/немесе Compass атынан әрекет етуге өкілетті болмасаңыз, БАҚ-қа, талдаушыларға немесе инвестициялық қоғамдастыққа ресми немесе бейресми түрде жария мәлімдеме жасау немесе жауап беру;
- компания Хатшылығының, заң бөлімінің және компания инвесторларымен байланыс бөлімінің алдын ала мақұлдауынсыз қызметтік ақпарат қамтылуы немесе оған теңестірілуі мүмкін кез келген мәлімдемені, баспасөз хабарламасын немесе таныстырылымды (ауызша немесе жазбаша) жариялау

КОМПАНИЯ АКТИВТЕРІ



КОМПАНИЯ АКТИВТЕРІ ЖӘНЕ БРЕНДТІ ҚОРҒАУ

Compass-та біз тек адал ниетпен жұмыс істейміз. Біздің беделіміз іскерлік қатынастарымыз бен іс-әрекеттеріміздің адалдығына байланысты.

Компаниямыздың активтері – біз күн сайын жұмысымызда қолданатын құралдар, жабдықтар, тауарлар, жүйелер, ақпарат пен деректер.

ФИЗИКАЛЫҚ, ЦИФРЛЫҚ НЕМЕСЕ ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК БОЛСЫН, КОМПАНИЯМЫЗДЫҢ АКТИВТЕРІНІҢ ТЕК ЗАҢДЫ ІСКЕРЛІК МАҚСАТТА ПАЙДАЛАНЫЛУЫНА, ОЛАРҒА ҰҚЫПТЫ ҚАРАУҒА ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОҒАЛУДАН, ЗАҚЫМДАНУДАН, ҰРЛЫҚТАН, АЛАЯҚТЫҚТАН НЕМЕСЕ ДҰРЫС ПАЙДАЛАНБАУДАН ҚОРҒАУҒА БӘРІМІЗ ЖАУАП БЕРЕМІЗ.

Қоғамдық тамақтандыру және қызмет көрсету секторындағы нарық көшбасшысы ретінде біз Compass компаниясына тиесілі және біз қорғауымыз керек жоспарларды, үрдістерді, жария емес идеялар мен стратегияларды жиі әзірлейміз.

Біз зияткерлік меншігімізді (брендтерді, тауар белгілерін, авторлық құқықтарды, патенттерді және коммерциялық құпияны қоса алғанда) қорғаймыз және басқа адамдардың зияткерлік меншігімізді рұқсатсыз пайдалануын мұқият қадағалаймыз.



Қосымша ақпарат алу үшін тиісті топты немесе жергілікті ақпараттық технологияларды рұқсат етілетін пайдалану саясатымен танысыңыз немесе цифрлық технологиялар бөліміне немесе заң бөліміне хабарласыңыз.



ИИ

- барлық қолданыстағы заңдар мен нормативтік актілерді сақтау;
- ақпараттық технологияларды компанияның қолданыстағы саясатына немесе жергілікті рұқсат етілген пайдалану саясатына сәйкес пайдалану;
- компания активтерін қорғау және оларды әрдайым дұрыс пайдаланбаудан, жоғалтудан, алаяқтықтан немесе ұрлықтан қорғау, сондай-ақ оларды тек кәсіби түрде және жауапкершілікпен пайдалану;
- біз жұмыс аясында пайдаланатын немесе байланысатын компания мүлкінің бүлінбеуін, арналған мақсатында пайдаланылуын немесе бекер ысырап етілмеуін қамтамасыз ету;
- зияткерлік меншікке құқығымызды қорғау және зияткерлік меншігімізді тиісті қорғау шаралары сақталған жағдайда заңды іскерлік мақсатта ғана пайдалану;
- қырағы болу және фишингтік электрондық пошталар немесе басқа да киберқауіптер сияқты жүйелерімізге немесе құрылғыларымызға рұқсатсыз кіру әрекеттері туралы цифрлық технологиялар бөліміне хабарлау;
- егер сізге цифрлық активтерді немесе ақпараттық технологияларды пайдалану немесе оларға қол жеткізу түсініксіз болса немесе сенімді болмасаңыз, цифрлық технологиялар бөлімінен кеңес алу;
- басқа тұлғалардың компания активтерін кез келген заңсыз пайдаланғаны туралы тікелей басшыға немесе Speak Up, We're Listening жүйесі арқылы хабарлау.



ЖОҚ

- компания активтерін рұқсатсыз алу, беру немесе жою немесе оларды тиісінше мақсатта пайдаланбау;
- қандай да бір алаяқтық әрекетті немесе ұрлықты саналы түрде жасау, қатысушы болу, біреу арқылы қатысу;
- жергілікті заңгерлер командасынан алдын ала кеңес алмай және мақұлдауын алмай, зияткерлік меншікке құқығымызды Compass шегінен тыс жерлерде бөлісуге немесе басқа біреуге беруге келісу;
- компания активтерін жеке мақсатта немесе Compass-тағы рөлімізге байланысты емес себептер бойынша пайдалану;
- клиенттеріміздің зияткерлік меншікке құқықтарын заңсыз пайдалану;
- Compass-тың кез келген ақпараттық-технологиялық жүйесінде кез келген рұқсат етілмеген аппараттық немесе бағдарламалық жасақтаманы орнату немесе пайдалану;
- кез келген ақпараттық технологияны немесе киберқауіпсіздікті бақылау құралдарын әдейі айналып өту

SPEAKUP!

We're listening

Confidential | Trustworthy | Safe



Қосымша ақпарат алу үшін веб-сайтымыздағы «Сөйле де, тыңда» саясатымызбен танысыңыз

КҮМӘНДАНСАҢЫЗ, АЙТЫҢЫЗ, БІЗ СІЗДІ ТЫҢДАЙМЫЗ..

SPEAK UP. WE'RE LISTENING

Біз Speak Up, We're Listening атты бағдарламамыздың аясында көтерілген мәселелер мен хабарламаларға барынша байыппен қараймыз және құқық бұзушылық немесе әдепсіз мінез-құлық туралы мәлімдемелерге жедел жауап береміз. Сенімділікті қамтамасыз ету үшін біздің Speak Up, We're Listening платформамыз бен сенім телефонын тәуелсіз шеттегі провайдер басқарады және бұлар біз қызметімізді жүргізетін барлық елде жылына 365 күн, аптасына 7 күн, тәулігіне 24 сағат қолжетімді.

Кодексті болжамды немесе нақты бұзушылықтар туралы сұрақтар бойынша біздің Speak up ресурстарымыздың кез келгенін пайдалана отырып, өзіңізге ең қолайлы тәсілмен өзіңіз сенетін адамға:

- тікелей басшыңызға немесе одан жоғары лауазымдағы қызметкерге;
- жергілікті кадрлар бөлімінің менеджеріне немесе Listen Up бағдарламасына қатысушыға;
- еліңіздің, аймағыңыздың немесе тобыңыздың заңгерлер командасының мүшесіне;
- «Әдеп және тұтастық» тобының мүшесіне хабарласыңыз; немесе
- Speak Up, We're Listening платформасы арқылы өз алаңдаушылығыңызды білдіріңіз.

Құпиялық

Компас өтініш берген кез келген адамның жеке басының құпиялығын қорғауға міндеттенеді. Өтініш берген кезде жасырын болуды таңдай аласыз. Берілген ақпарат пен құпиялыққа немесе жасырын болуға құқық жергілікті заңдармен реттелуі мүмкін екенін түсіну маңызды.

Ізге түсуге қарсы күрес

COMPASS ПРОБЛЕМАҢЫЗБЕН ЖҮГІНУІҢІЗГЕ НЕМЕСЕ ПРОБЛЕМАҢЫЗБЕН ЖҮГІНУ ЫҚТИМАЛДЫҒЫНА ЖАУАП РЕТІНДЕ ІЗГЕ ТҮСУГЕ НЕМЕСЕ ЖОСЫҚСЫЗ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚҚА ҚАТАҢ ТЫЙЫМ САЛАДЫ ЖӘНЕ БҰҒАН ТӨЗБЕЙДІ.

Compass сізді және тергеп-тексеру жүргізетін, көмектесетін немесе қатысатын